

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 қазан N 1574. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.28. N 344 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық
қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес
саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,
өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып,

экономикалық қылмыстар және салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді тиімді шешудегі өзара мүдделілікке сүйене отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап Келісімнің тақырыбы

Тараптардың құзыретті органдарының экономикалық қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күресті тиімді ұйымдастырудағы ынтымақтастық - осы Келісімнің тақырыбы болып табылады.

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы қатысушы болып табылатын азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2-бап Терминдер

Осы Келісімде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) "құзыретті орган"

- Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті,

- Тәжікстан Республикасы үшін - экономикалық қылмысқа қарсы күреске байланысты қызметті жүзеге асыруға құзыретті Орган.

Тараптар Құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, ол туралы бір-біріне дереу жазбаша түрде хабарлайды.

2) "салық заңдарын бұзушылықтар" - бұл салық қатынастарына қатысушының салық заңдарының нормаларымен белгіленген міндеттерін дұрыс дәрежеде орындамаудан көрінген құқыққа қарсы, айыпты іс-қимыл (әрекет не әрекетсіздік)

3) экономикалық қылмыстар - экономика саласындағы қылмыстар.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын қолданады:

- заңды және жеке тұлғалардың экономикалық қылмыстары және салық заңдарын бұзуы туралы ақпарат алмасу;

- салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге бағытталған шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

- заңды және жеке тұлғалардың салық салуға байланысты құжаттарының куәландырылған көшірмесін тиісті үлгіде ұсыну;

- ұлттық салық жүйесі туралы, салық заңдарының өзгерістері мен

толықтырулары туралы ақпаратпен, сондай-ақ салық заңдылығының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен алмасу;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресте қолданылатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасу ;

- жұмысшы топтарын құруды қоса алғанда, ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелер жөнінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыру өкілдер алмасу және кадрлар оқыту ;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық заңдарды және өз мемлекетінің халықаралық міндеттерін басшылыққа ала отырып, осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

4 - б а п

Экономикалық қылмыстар және салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу

1. Экономикалық қылмыстар және салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу мына мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

- салық заңдарын бұзушылар қолданған тәсілдерді көрсете отырып, заңды және жеке тұлғалардың табыстарын салық төлеуден жасыруы;

- салық салу базасының мөлшерін айқындау және салық заңдарын бұзған заңды және жеке тұлғалардан алынған салық сомасы, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге байланысты;

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат, ақпарат ұсыну сұрау салынушы Тараптың ұлттық заңдары мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келмейтін жағдайда, бір Тараптың құзыретті органына екінші Тараптың құзыретті органының сұрау салуы немесе жеке бастамасы негізінде беріледі.

5-бап

Шаралар өткізу

Экономикалық қылмыстар және салық заңдарын бұзушылықтан сақтандыру, оларды анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде осындай заң бұзушылық жасаған немесе жасауы мүмкін адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-қимылы бірлесіп жоспарлауды,

осы іс-шараларды өткізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап

Құжаттардың көшірмесін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне сұрау салу арқылы заңды және жеке тұлғаларға салық салуға қатысты құжаттардың (есепшоттар, фактуралар, жүк құжаттар, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалар), сондай-ақ салық заңдарының бұзылуына қатысы бар мәселелер бойынша құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың көшірмелері өкілетті тұлғаның қолымен және сұрау салушы құзыретті органының мөрімен куәландырылады.

7-бап

Құқықтық сипаттағы материалдармен алмасу

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық салық жүйесі, экономикалық қылмысқа тергеу жүргізудің құқықтық негіздері және салық заңдары саласындағы әкімшілік тәртіп бұзушылық жөніндегі істер бойынша өндіріс туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады, жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан немесе қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей салық заңдарындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

8-бап

Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары экономика саласындағы қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру мен олардың жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша тәжірибе әдістемелер және ғылыми материалдармен алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің оқу орындарының базаларында кадрларды оқыту мен қайта даярлауда, экономикалық қылмыстарға және салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрестің көкейкесті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ сарапшылармен алмасады.

Осы баптың шеңберіндегі ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары , атап айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзыретті органдарының арасында жасалатын тиісті келісімдермен айқындалады.

10-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға сұрау салу жазбаша немесе мәтін берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда телефон байланысы арқылы қабылдануы мүмкін, алайда ол 24 сағат ішінде жазбаша түрде расталуы тиіс.

Мәтінді беруде техникалық құралдарды пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың растығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда құзыретті орган жазбаша нысанда расталуын сұрай алады.

2. Ақпарат алуға арналған сұрау салуда:

- сұрау салушы Құзыретті органның атауы;
- сұрау салынған құзыретті органның атауы;
- сұрау салудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесі;
- сұраудың орындалуы үшін қажетті басқа да мәліметтер болуға тиіс.

Бұған қоса қылмыстық істер бойынша ақпарат алуға арналған сұрау салуда: іс жүзіндегі мән-жайдың қысқаша сипаттамасы; сұрау салынған Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес қылмыстың саралануы; келтірілген зиянның мөлшері көрсетіледі.

11-бап

Сұрау салудың орындалуы

Сұрау салу орындалуы үшін кідіріссіз қабылданады. Сұрау салынған құзыретті орган егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, нақтылау тәртібімен қосымша ақпарат сұрай алады.

Сұрау салуды орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда құзыретті орган сұрау салушы құзыретті органға ол туралы кідіріссіз хабарлайды.

Сұрау салынған құзыретті орган, егер бұл мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, не оның заңдарына қайшы келсе, сұрау салуды орындалудан бас тартуға құқылы.

Сұрау салуды орындаудан бас тарту себептері туралы сұрау салушы құзыретті орган 10 күн ішінде хабардар етіледі.

12-бап

Сұрау салуды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл

Сұрау салынған құзыретті орган сұрау салушы құзыретті органның уәкілетті өкілдеріне, егер бұл оның мемлекетінің заңдарына қайшы келмесе, өз мемлекетінің аумағында сұраудың орындалуына қатысуға рұқсат етуі мүмкін.

13-бап

Тілі

Ақпаратты алуға арналған сұрау салу және оған берілетін жауап Тараптардың мемлекеттік тілімен бірге орыс тілінде де әзірленеді.

Сұрау салу басқа тілде орындалған жағдайда оған орыс тіліндегі куәландырылған аудармасы қоса беріледі.

14-бап

Ақпараттарды пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары экономика саласындағы қылмыстарды және салық заңдарын бұзушылықтан сақтандыруға, оларды анықтауға және жолын кесуге байланысты мәселелер жөніндегі ақпараттардың құпиялығына к е п і л д і к б е р е д і .

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

15-бап

Шығыстар

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды ұлттық заңдарын басшылыққа ала отырып көтереді. Қосымша шығындарды талап ететін сұрау салу алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселе Тараптардың құзыретті органдарымен ерекше тәртіппен өзара келісім бойынша қаралады.

16-бап

Келісімді іске асыру бойынша одан арғы шаралар

Тараптардың құзыретті органдары, қажет болған жағдайда, осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша консультациялар өткізеді.

17-бап

Даулар мен келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

18-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

19 - б а п

Келісімнің күшіне енуі және оның қолданысын тоқтату

Осы Келісім толық күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап

күшіне енеді және осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың бірі алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

_____ қаласында, 2000 жылғы " _____ " _____, екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының *Тәжікстан Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*